






БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КсАҚ-н  
Басқарма төрағасы – ректор  
А.М.Наметов  
«29» 08 2025 ж.

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ» ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ  
ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЫНЫҢ

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.145

№01 басылым  
№\_\_ дана

Дайындалды: 27.08.2025 ж.	Келісілді: 28.08.2025 ж.	Енгізілді: 02.09.2025 ж.
Харжау А. 	Шәмшідін Ә.С.  Алмагамбетова М.Ж.  Ихсанов Е.Б.  Ундаганова А.Г. 	Орнына: СМЖ.07.ЛН.145 14.04.2025 Қайта қаралуы: 02.09.2025 ж.

**Мазмұны:**

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен құқығы
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

## **1. Бағыты**

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Білім туралы» Заңына сәйкес дайындалды.

## **2. Қолдану саласы**

Бұл нұсқаулық «Ғылым және білім» ғылыми-практикалық журналы редакциясының ғылыми редакторына арналған.

## **3. Лауазымдық міндеттері**

### **3.1. Ғылыми редактор міндетті:**

3.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық талаптарына сәйкес редакцияны басқаруға;

3.1.2. Оқу орнының іс-әрекетін меңгеруге, сараптама жасап, қорытынды шығаруға және ғылыми кеңес пен университет басқармасының шешімі бойынша өз жұмысына түзетулер енгізуге;

3.1.3. Университеттік «Ғылым және білім» журналының тоқсан сайын жариялануын ұйымдастыруға;

3.1.4. Ғылыми журналдың редакциялық алқасының отырысын ұйымдастыруға және ғылыми мақалаларын дайындауда авторларға көмек ретінде кеңес беру жұмыстарын жүргізуге;

3.1.5. Келген мақалаларды қабылдап, олардың белгіленген ережелерге сай келуін қадағалауға және түзетулер енгізуге;

3.1.6. Түпдеректер бойынша қанатты сөздер мен сандық деректердің дұрыстығын, есімдердің, ғылыми-техникалық терминдердің, өлшем бірліктерінің пайдалануы мен жазылуын, басылымның анықтамалық аппаратының рәсімделуін, келтірілген нышандардың белгіленген стандарттарға немесе ғылыми әрі нормативтік әдебиетте қолданылатын белгілерге сәйкестігін тексеруге;

3.1.7. Маусым сайын журналды дайындауға;

3.1.8. Теруге берілген материалдарды оқу, ғылыми мақалаларды талқылауға;

3.1.9. Журналдың көркемдік және техникалық макеттерін жасауға қатысуға;

3.1.10. Журналдың белгіленген уақытта жарық көруін, оның мазмұны мен полиграфиялық орындалуының сапасын қадағалауға;

3.1.11. Жарыққа шығарар алдында сигналды нұсқаларын тексеруге;

3.1.12. Еңбек және ішкі тәртіпті қатаң түрде сақтауға;

3.1.13. СМЖ жұмыс істеуін өзінің өкілеттігі шегінде қолдануға.

### **3.2. Бағыныштылығы:**

3.2.1. Ғылыми редактор университеттің Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен тағайындалады және босатылады;

3.2.2. Ғылыми редактор ғылым жөніндегі проректорға бағынады.

### **3.3. Ғылыми редактор білуге міндетті:**

3.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілерін және ғылыми-әдістемелік әдебиетін, ақпараттық және нормативтік материалдарды редакциялауын, сандарды, формулаларды, символдарды, суреттерді редакциялық өңдеуін, басылымның анықтамалық аппаратын жасаудың әдістерін;

3.3.2. Қолжазбаларды шығаруға, корректуралық баспа-таңбаларын басып шығаруға дайындау тәртібін, стандартты түзеу белгілерін, терминдерге, белгілерге және өлшеу бірліктеріне қойылатын мемлекеттік стандарттарын, қолданыстағы шартты қысқартуларын, библиографияда шет тілдерінде қолданылатын шартты қысқартуларын;

- 3.3.3. Қазақ (орыс) тілінің грамматикасы мен стилистикасын;
- 3.3.4. Авторлық құқық, редакциялаудың қолданыстағы нормативтерін;
- 3.3.5. ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңын 23.07.1999 ж. №451-І;
- 3.3.6. ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңын 11.07.1997 ж. №151-І;
- 3.3.7. Университет жарғысын, университеттің ішкі тәртібі жөніндегі ережесін, жасалынатын жұмыс бойынша университетішілік нормативті құжаттарды;
- 3.3.8. Сапа менеджменті жүйесі құжаттарын;
- 3.3.9. Еңбек заңнамаларының негіздерін;
- 3.3.10. Осы қызметтік нұсқаулықты;
- 3.3.11. Еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін, өрт қауіпсіздігінің талаптарын.

#### **3.4. Біліктіліктік талаптар:**

- 3.4.1. Ғылыми редактордың тиісті мамандық бойынша білімі жоғары, ғылым докторы/ғылым кандидаты/PhD докторы дәрежесі болуы керек және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес.
- 3.4.2. Бөлім әрекетіне қатысты мәселелерді толық көлемде білуі қажет және бойында ұйымдастырушылық, жауапкершілік, талапшылдық, адамдармен жұмыс жасау қабілеттері болуы;
- 3.4.3. Мемлекеттік тілді және дербес компьютерде жұмыс жасай алуы;
- 3.4.4. Үнемі өзінің біліктілік деңгейін арттырып отыру қажет.

### **4. Жауапкершілігі мен құқығы**

#### **4.1. Ғылыми редактор жауапты:**

- 4.1.1. Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне заңына сәйкес, осы лауазымдық нұсқаулықта қарастырылған өзінің қызметтік міндеттерін атқармағандығы үшін;
- 4.1.2. Өзінің іс-әрекеті кезінде Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерімен анықталған құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін;
- 4.1.3. Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерімен анықталған материалды залал келтіргені үшін.

#### **4.2. Ғылыми редактордың мыналарға құқығы бар:**

- 4.2.1. Университет басшылығынан қажетті еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуін және қызметтік міндеттерін орындау барысында көмектесуін талап етуге;
- 4.2.2. Кәсіби біліктілік деңгейін жоғарылатуға;
- 4.2.3. Сапа менеджменті жүйесін жақсартуда ұсыныстар енгізуге;
- 4.2.4. Жыл сайынғы мерзімдегі еңбек демалысына;
- 4.2.5. Өзінің кәсіби ар-абыройын қорғауға;
- 4.2.6. Кәсіби әрекетіндегі жетістіктері үшін материалды және моральды көтермеленуге;
- 4.2.7. Өзінің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелер басшыларымен қарым-қатынас жасауға, қызмет бабында қажетті ақпараттар мен қажетті құжаттарды алуға.

### **5. Құжаттама**

-

### **6. Сілтемелер**

- 6.1 ҚР «Еңбек кодексі» 23.11.2015 ж. № 414-V ҚРЗ;
- 6.2 ҚР «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж. № 319-III;
- 6.3 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410- V ҚРЗ;
- 6.4 ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы 01.07.2024 ж. № 103-VIII.

- 6.5 ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;
- 6.6 Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы;
- 6.7 Университеттің ішкі тәртіп ережелері. СМЖ.08.ҚЕ.06;
- 6.8 Университеттің ішкі нормативті құжаттары.